



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Сейсмикалық қауіпті аудандағы халық орман желектерін кесу, егіс жұмыстарын жүргізу, үй малын бағу жөніндегі нұсқауларды қатаң орындауға тиіс. Шығыс Қазақстан өңіріндегі қар басу – табиғаттың тосын күштері көріністерінің бірі. Бұрқасынмен, қарлы боранмен тығыз байланысты. Ол бірнеше сағаттан тәулікке дейін жауған қалың қардың әсерінен пайда болып, қалыпты тіршілікті бұзады, ал кейде адамдар құрбандықтарына, малдың шетінеуіне және материалдық құндылықтарының жойылуына әкеліп соғады.[3]

Зерттеу барысында Шығыс Қазақстан өңірінің техногендік және табиғи сипаттағы төтенше жағдайларына талдау жасалынды. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың саны 14193 (ТЖ жалпы санынан 85,8%) оқиғаны құрайды, соның ішінде 96%-ды (13621) тұрмыстық және өндірістік өрттер құрайды. 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың саны 2763 оқиғаға немесе 16,3%-ға кеміген. Зардап шеккендердің саны 2015 адамды құрады (2012 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 10,7%-ға кеміді), соның ішінде 888 адам қаза болды (2012 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 14,3%-ға кеміді). Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар. Алдын ала деректер бойынша табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың саны 2348 (ТЖ жалпы санынан 14,2%) оқиғаны құрайды. 2012 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың саны 24,5%-ға кеміді. Зардап шеккендердің саны 2247 адамды құрады (2012 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 15,6%-ға төмендеді), соның ішінде 445 адам қаза болды (2012 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 18,9%-ға төмендеді). Қыс айларында еліміздің аумағына төтенше жағдайларды тудыруға себеп болатын қардың мол түсуі, төмен температура, борандар, дауылдар т.б. Қардың мол түсуі, қарлы боран, жолдың жаман көрінуі, температураның төмендеуі, боран сияқты ауа райы жағдайының нашарлауына байланысты республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының басым бөлігі жабылды. Қорытындылай келе Шығыс Қазақстан өңірінің табиғи және техногендік сипаттағы апатты жағдайлары мен алдын-алу шаралары қарастырылды.[4]

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. М.Өтемағамбетов «Қазақстанның физикалық географиясы» Алматы, 1967 ж. 182-бет
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Атласы. Алматы 2010 ж.
3. А.А.Медеуов «Селевые явления сейсмоактивных горных геосистем Казахстана» (1996, в соавторстве)
4. Григорьев А.А Природные условия Казахстана.-Москва 1990 г. 128 ст

УДК 312

ҚЫТАЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Акбар Иманалы

yimanaili_akebaier@yahoo.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-З.Т.Ауезова

Қазақстан ауыл шаруашылықты ел болып табылады. Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде, еңбек бөлінісінің талаптарына сәйкес, Қазақстан бүкіл одақ үшін ресурстардың (астық, ет және ет өнімдері) басты жеткізушісі болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстан экономикалық реформаларды және өнеркәсіптік қайта құруларды жүзеге асырумен қатар ауыл шаруашылығы да басты тірегі болып саналады. Қазақстанның кең байтақ егістік жері, бай далалық ресурстары бар. Осындай экономикалық, мәдени және табиғат жағдайлары ауыл шаруашылығын дамыту үшін неғұрлым қолайлы. Қытай елі жаңа реформа және ашық экономикалық саясат қабылдағаннан бері, ауыл шаруашылығын дамыту тұрғысынан мол тәжірибе жинақтаған. Мысалы, ауыл шаруашылығы оның ішінде мал шаруашылығы сондай-

ақ бау-бақша салаларында халықаралық озық деңгейге жетті. Осыларды ойластырғанда, Қытайдың Қазақстанмен ауыл шаруашылық ынтымақтастықты дамытуда жеткілікті жағдайлары мен мүмкіндіктері бар.

Қазақстан Ұлттық Банкінің статистикалық деректері бойынша, 1993-2013 жылдардағы Қазақстандағы тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) сомасы \$123 млрд-ды құраған. Қаржы дағдарысы басталуы алдында 2004-2007 жылдар аралығындағы Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестициялар қарқынды өсті. 2003 жылы \$4,624 млрд-ға өсіп, 2007 жылы \$18,453млрд-ға жетті, жинақталған инвестиция 2003 жылғы \$ 25,85 млрд-дан 2007 жылы \$ 69,86 млрд-ға жетіп, шамамен 1,7 есеге өсті.

2010 жылы Қазақстанның ауыл шаруашылығына тартылған шетелдік инвестициялары \$152700 болып, Қазақстанға енгізілген жалпы шетел инвестицияларының 1,24%-н құрады. Оның ішінде, Британдық Виргин аралдарының Қазақстан ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялары \$43100 болып ауыл шаруашылығына енгізілген жалпы шетелдік инвестициялардың 28,4% құрады. Реті бойынша, Кипр, Ұлыбритания, Ливан, Германия, Израиль, Америка Құрама Штаттары, халықаралық ұйымдар және басқа да елдер, олардың үлесі жеке-жеке 25,2%, 6,9%, 6,6%, 5,7%, 4,6%, 4,2%, 2,7% және 15,8%. Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы негізгі капитал инвестициясы 74,564 млрд теңгегені құрап Қазақстанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың 1,94% -н иеленген және бұл көрсеткіш Қазақстанның ауыл шаруашылығына шетелдік инвестицияларды тарту үлесімен (1,24%) салыстырғанда 0,7%-ға жоғары.

ҚР Статистика Ұлттық бюросы ұсынған ақпаратқа сәйкес, Қазақстан ауыл шаруашылығындағы Қытай инвестициясы көп емес. Бұл Қазақстанмен Қытайдың ауыл шаруашылық ынтымақтастығының әлі тиімсіз екенін көрсетеді. Шын мәнінде, Қазақстанмен Қытай арасында ауыл шаруашылығы ынтымақтастығының кең әлеуеті бар. Ауыл шаруашылығындағы ынтымақтастық екі ел арасындағы саяси, экономикалық, мәдени және географиялық артықшылықтарының мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

2011 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жан-жақты стратегиялық серіктестікті дамыту туралы бірлескен декларациясының негізінде, өзара теңдік пен мүдделерді құрметтеу қағидаттарын негізге ала отырып, өз құзыреті шеңберінде әрекет ете отырып және мемлекеттердің олардың халықаралық шарттарына сәйкес туындайтын міндеттемелерін қозғамай, тату көршілікті одан әрі тереңдету және тиімді ынтымақтастық мақсатында мыналарды көздейтін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты орта мерзімді және ұзақ мерзімді дамыту бағдарламасын (2020 жылға дейін) әзірледі.

Ынтымақтастықтың негізгі салаларының бірі болған ауыл шаруашылығы аясында төмендегі бірнеше келісім-шарттарды мақұлдаған .

1).Екі мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өзара пайда негізінде ауыл шаруашылығы саласындағы, атап айтқанда қоймалау, логистика және қайта өңдеу және астық сату, ауыл шаруашылығының машина жасау, жануарларды індеттен, жерсіндіруден және карантиндік объектілерден қорғау, тәжірибе алмасу саласында және кешендер құрылысы саласында өзара іс-қимылды күшейтетін болады.

2). ҚХР-ң аумағы арқылы астықты транзитпен тасымалдау шарттарын жетілдіретін болады.

3). Ветеринарлық бақылауға (қадағалауға) және оны бұзғаны үшін жауапкершілікке жататын олардың мемлекеттерінің аумағына тауарларды (өнімдерді) әкелу кезінде ауыл шаруашылығы жануарларының аса қауіпті ауруларын кіргізуге және таратуға жол бермеу жөніндегі міндеттемелерді қабылдау ынтымақтастықты жандандырады.

4). Ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулерді өткізу бойынша ғылыми орталықтардың өзара іс-қимылы мүмкіндігін қарайды.

5). Сапаны қадағалау саласындағы ынтымақтастықты нығайтады, 2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы

Үкіметінің арасында Жануарлардың саулығы мен карантині саласындағы ынтымақтастық туралы [келісім](#), 2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Өсімдіктердің карантині және оларды қорғау жөніндегі ынтымақтастық туралы [келісім](#) сияқты қол қойылған құжаттардың іске асырылуын жүзеге асырады.

6). 1997 жылғы 17 қарашадағы өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға сәйкес тиісті тауарлармен сауданы ынталандыру мақсатында тексеру және карантиндік бақылау саласындағы ынтымақтастықты дамытатын болады.

Қазақстан ауыл шаруашылық ел болып табылады. Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде, Еңбек бөлінісінің талаптарына сәйкес, Қазақстанның бүкіл одақ үшін минералды ресурстардың (астық, ет және ет өнімдері) басты жеткізушісі болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстан экономикалық реформаларды және өнеркәсіптік қайта құруларды жүзеге асырумен бірге энергетикаға сүйеріп дамытын саясатын жүргізген болса да, бірақ, ауыл шаруашылығы әлі де басты тірегі болып саналады. Бұл Қазақстанның саяси, экономикалық, тарихи, мәдени және табиғат жағдайларынан туындаған. Қазақстанның ұлттық ерекшеліктеріне қарағанда, бұл жағдай қысқа мерзімді болашақта өзгермейді. Өйткені Қазақстанның кең байтақ егістік жері, бай далалық ресурстары бар. Осындай экономикалық, мәдени және табиғат жағдайлар ауыл шаруашылығын дамыту үшін неғұрлым қолайлы. Қытай реформа және ашық экономикалық саясат қабылдағаннан бері, ауыл шаруашылығын дамыту тұрғысынан мол тәжірибе жинақталған. Мысалы, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы және бау-бақша салаларында. Сондай-ақ жақсартылған сорттары мен жануарлардың эпидемиялық алдын алу техникасы жағынан халықаралық озық деңгейге жетті. Осыларды ойластырғанда, Қытайдың Қазақстанмен ауыл шаруашылық ынтымақтастықты дамытуда жеткілікті жағдайлары мен мүмкіндіктері бар.

Қазақстанда халықтың жан басына шаққандағы жер көлемі Қытайдан көп, бірақ осыған қарамастан, Қытайдағы жан басына шаққандағы өндіру және кірістілік Қазақстанға қарағанда жоғары. Бұл Қытайдың өнімділікте артықшылықтары бар екендігін көрсетеді.

Қытай ауыл шаруашылығын дамытуда мол тәжірибе жинақтады, өндірісті арттыратын озық технологияларды игерді. Қытайдың ауыл шаруашылығы экономикасының қарқынды дамуына, агроөнеркәсіптік құрылымы мен өнім құрылымының рационализаторлық болуы, салыстырмалы толық ауыл шаруашылық нарығын қалыптастырды. Сонымен қатар нарықтық экономика жүйесіне бейімделген ауыл шаруашылығын қаржыландыру тетіктері құрылуда. Ал Қытаймен салыстырғанда Қазақстанның ауыл шаруашылығына салынған инвестициясы мардымсыз, ауыл шаруашылығын дамыту жағдайлары нашар, өнімділігі төмен, ауыл шаруашылығын дамытуды қолдау үшін шетелдік инвестицияларды қажет етеді.

Мал шаруашылығында, Қазақстанның шабындық жері 5,023 млн hm^2 Қытайдың шабындық жері 262 млн hm^2 . Жан басына шаққандағы жайылым, шабындық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде Қазақстанның айқын басымдылықтары бар. Бірақ, Қытай өнімділік жағынан үстем орында тұрады. Халықаралық лизингтің Қазақстанның ауылшаруашылық секторында үш негізгі түрі бар:

Біріншіден, ауыл шаруашылық кооперативтері. Ол ұжымдық ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен мемлекеттік меншіктегі ауыл шаруашылық кәсіпорындарын көрсетеді. Олар бұрынғы колхоздар мен совхоздардың дамып, өзгеруінен пайда болған. Ауыл шаруашылық өндіріс кооперативтері мен түрлі инвестициялар, ұлттық конфигурация, кооператив мүшелерінің ұжымдық еңбегі, жердің мемлекеттік ауыл шаруашылығын басқару мекемесі тарабынан жалға берілуі(30~50 жыл), нені өндіру, қаншалықты өндіру т.б. факторлар негізінде ұлттық тапсырыстар арқылы жүзеге асады.

Екіншіден шаруашылық компаниялары. Бұл акционерлік кооператив түрінде бір немесе бірнеше отбасынан құралатын ауыл шаруашылық өндірістік компания. Мұнда нені өндіру, қаншалықты өндіру және қалай өндіру жұмыстарын компания өзі белгілейді, өзін-өзі қаржыландырады. Сонымен бірге, компанияның тәуелсіз заңды біліктілігі бар. Қазіргі

уақытта Орталық Азиядағы бес ел ауыл шаруашылық реформаларын осы бағытта дамытып отыр. Ауыл шаруашылық компаниялар ауыл шаруашылық өндірісінің негізгі тірегі болмақ.

Үшіншіден, жеке фермерлер. Бұл ауыл шаруашылық өндірісінің дәстүрлі отбасылық негізде өндіру формасы болып табылады. Мұнда әрбір фермердің аз мөлшерде тұрақты егістік жері болады, Сондай-ақ, нені өндіру, қаншалықты өндіру және қалай өндіруді фермерлер өзі белгілейді.

Қазақстанда әр түрлі ауыл шаруашылық кәсіпорындарының өндірісті кооперативтік басқару уақыты ұзақ емес, оның үстіне, басқару деңгейі төмен, қаражат тапшы, ауыл шаруашылық технологиясы төмен деңгейде, ауыл шаруашылық өнімдерінің түрлері аз, ауыл шаруашылық техникасы ескі, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және сату желісі әлі құрылмаған, нарықтық дамуда көптеген проблемалар сақталып отыр. Бұлар ауыл шаруашылық иелері мен мемлекеттік тұлғаларын ойландыратын күрделі проблемалар. Бұл жөнінде, Қазақстан әлі, мақсаты біршама күшті мемлекеттік шараларды енгізген жоқ, ауыл шаруашылық бизнесін дамытуды, халықаралық ынтымақтастық арқылы жүзеге асыруды ойлайды. Қытай елі неғұрлым озық тәжірибелер жинақтаған, Қазақстанмен ауыл шаруашылық кооперативтерін бірлесіп дамытуға қабілетті. Бірақ, қалай ынтымақтасу мәселесі одан әрі зерттеуді және тәжірибеден өткізуді қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдісалам Әбілилім, қатарлылар. Қазақстанның ауылшаруашылық ортасына талдау [J] ,2012. Әлем ауылшаруашылығы (8)
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты орта мерзімді және ұзақ мерзімді дамыту бағдарламасына (2020 жылға дейін) қол қою туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 7 қыркүйектегі № 940 қаулысы
3. Ша Ион, Уаң Гүй Рон, Қазақстанның ауылшаруашылық инвестициялық ортасын зерттеу және талдау (Әлемді зерттеу 2014 жыл 2-сан).
4. Шин Фаң Мин, Жаң Ли Мин, Би Ян Ру. Қытай мен Орталық Азияның өңірлік экономикалық істестігін инвестициялық бағыттан талдау[J], 2012 (2) .
5. Қазақстанның ұлттық статистика кеңсесі, Қазақстанның статистикалық жылнамасы (2005, 2006, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011, 2011, 2012), Қазақстанның ұлттық статистика кеңсесі, Қазақстанның статистикалық жылнамасы.
6. Ли Ниң. Қазақстанның астық өндіру жағдайы мен тенденциялары[J], Жаһандық Технологиялық экономикалық көзқарас, 2010,(6).
7. Дуан Шиу Фаң. Қытайдың Орталық Азия елдеріндегі тікелей инвестицияларының ахуалы мен проблемалары[J], Шыңжаң Қаржы, 2009,(6).

ӨОЖ 621.22-15

СУЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН АЛУДАҒЫ, АКТИВТІ ТУРБИНАЛАРДЫҢ КОНСТРУКЦИЯСЫ МЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ПРИНЦИПТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ АРҚЫЛЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ

Әбдіжаппар Ұлбала Төрекүлқызы

ufan.enu@mail.ru

ЕҰУ-нің 4 курс студенті

Физикалық және экономикалық география кафедрасы

Ғылыми жетекшесі - Г.П. Чернизова

Су электр станцияларындағы суды үнемді пайдалану арқылы өндіру. Активті турбинаға Кретис баспалдақтарын орнату арқылы электр энергиясын өндіретін сумен бір мезгілде электр тогын және жылу энергиясын алу